

Ерейментау ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 қаңтардағы № 6С-20/2-18 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 ақпанда № 6385 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 6С-49/5-20 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 29.05.2020 № 6С-49/5-20 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) " Кодексінің 546-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ерейментау ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ерейментау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 5С-9/4-12 "Ерейментау ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3597 болып тіркелген, 2013 жылғы 26 қаңтарында аудандық "Ереймен" газетінде, 2013 жылғы 26 қаңтарында аудандық "Ерейментау" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы*

Е.Имашев

*Ерейментау аудандық
мәслихатының хатшысы*

Қ.Махметов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Ерейментау ауданының
әкімі*

Е.Нұғыманов

24 қаңтар 2018 жыл

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер
комитеті Ақмола облысы
бойынша Мемлекеттік
кірістер департаментінің
Ерейментау ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Ж.Тубеков

24 қаңтар 2018 жыл

Ерейментау аудандық
мәслихатының
2018 жылғы 24 қаңтардағы
№ 6С-20/2-18 шешіміне
қосымша

Ерейментау ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4.	Карт	2
5.	Бильярд үстелі	3
6.	Ойын жолы	5